



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№2 (910) Сәрсенбі 15 қаңтар 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДАҒЫ КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде электрондық сауданы дамыту, Харбин қаласындағы ІХ қысқы Азия ойындарына дайындық, Үкімет қаулыларының жобалары қаралды. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен аталған мәселелер бойынша міндеттер айқындалған мәжіліс өтті. Қызылорда қаласы, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

«Жергілікті кәсіпкерлерді электронды сауда негіздеріне оқыту жұмыстарын ұйымдастырыңыздар. Электронды саудадағы экспорт көлемін арттыру мақсатында бұл саладағы кәсіпорындардың интернет маркетингтеріне тіркелуіне көмек беріп, тиісті жұмыстарды жүргізіңіздер. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау бағытында электронды саудадағы тауар сапасына аса мән беріп, дер кезінде қажетті шараларды қабылданыңыздар.

2025 жылғы 7 ақпан – 14 наурыз аралығында Қытайдың Харбин қаласында тоғызшысы Қысқы Азия ойындары өтеді. Жарысқа мемлекетімізден 139 спортшы қатысып, ел намысын қорғайтын болады. Дене шынықтыру және спорт басқармасы, қысқы спорт түрлерін дамыту бойынша нақты шаралар қабылдап, осы бағытта қызмет көрсететінін спорт мектептерінің санын арттыру қажет. Жұмыстарды күшейтіп «Мұз айдыны» спорт кешенінің өңірдегі спорт мектептерінің әлеуеттерін барынша пайдалануымыз керек», - деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, өңірде тауарлар мен қызметтерді өткізу үшін интернет-ресурсты пайдаланатын 10 кәсіпорын тіркелген. Аталған кәсіпорындармен 2023 жылы 18 мыңнан аса тапсырыс жасалып, сауда айналымы 281 млн. теңгені құрады. Тапсырыстарды сақтау мен жеткізу бағытында аймақта «Қазпошта» желісінің 11 супермаркеті және өзге де интернет дүкендердің тарату пунктері жұмыс жасайды. Қазіргі таңда тауар өндірушілер электронды портал арқылы өз өнімдерін сатауда.

Облыста барлығы 14 822 спорттық секцияда 342 223 адам, оның ішінде қысқы спорт түрлері бойынша 14 секцияда 153 спортшы спортпен шұғылданады. Спорт түрлеріне облыстық бюджеттен барлығы 1 млрд 869 млн. теңге бөлінсе, соның ішінде қысқы спорт түрлеріне 51 млн. 476 мың теңге қаржы бөлінген. Аймақтың климаттық ерекшелігіне байланысты «Мұз айдыны» спорт кешенінде қысқы спорттың 3 түрі бойынша үйірмелер жұмыс жасайды.

Бүгінгі таңда республикалық чемпионаттарда орын алып жүрген 4 спортшымыз бар. Оның екеуі шорт-трекпен кіші жасөспірімдер арасында болса, екеуі мәнерлеп сырғанаудан. Өңірде барлығы 22 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері жұмыс жасаса, оның ішінде 1 спорт мектебінде қысқы спорт түрлерінен қызмет көрсетіледі.

«САНАЛЫ ҰРПАҚ - БОЛАШАҚ КЕПІЛІ» ТАҚЫРЫБЫНДА ФОРУМ ӨТТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Саналы ұрпақ - болашақ кепілі тақырыбында форум өтті. Алқалы отырысқа Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Бас прокуратура өкілі Жасұлан Даулембаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, құқық қорғау органдарының жауапты салалардың басшылары қатысты.

Аймақ басшысы осы бағытта атқарылған жұмыстарға тоқталып, форумға қатысушыларға сәттілік тіледі. «Бүгінгі форум идеологиялық мәні зор, пайымды пікірлерге толы қоғамдық көшбасшылардың ортақ алаңына айналады деп санаймын.

Кездесуге келген сіздердің тәжірибелеріңіз, ойларыңыз, ұсыныстарыңыз алдағы жоспарларымызды нақтылап, ортақ мақсатымызға жетуге септігін тигізеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы республикалық «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында «Жастарымыз халқымыздың болмысына жат идеялардың жетегінде кетпесе, күйзеліске түспесе, нигилизмге бой алдырмаса екен деп тілеймін. Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбеккер болғанын қалаймын» деп, жастар арасындағы зиянды әдеттерге айрықша тоқталып өтті.

Бүгінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу - қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі. Әсіресе, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңсыз іс-әрекеттер жасаудан қорғау, заңға бағынушы азамат ретінде құқықтық тәлім-тәрбие беру - заман талабы. Елімізде құқық қорғау органдарының тиімді жұмысының нәтижесінде соңғы 5 жылда құқық бұзушылық саны 32 пайызға азайды. Облысымызда да едәуір, яғни 49,7 пайызға төмендеген. Бұл - әлі де азайтуды қажет ететін маңызды көрсеткіш!

Сол себепті, біз аймақта тұрақтылықты сақтау және құқық бұзушылықты болдырмау бағытында барлық деңгейдегі құқық қорғау органдары басшыларымен бірге алқалы жиындар, түрлі кездесулер, ашық қабылдаулар өткізіп келеміз. Бұл өз кезегінде азаматтардың құқық қорғау органдарымен сенімді әрі сындарлы диалог орнатуына жол



Халқымызда «Тәрбиелі адам – тағалы аптен тең» деген жақсы сөз бар. Тәртіп бар жерде өркениетті қоғам қалыптасатынын бүгінгі ұрпаққа жеткізу – біздің басты міндетіміз. Саналы ұрпақ тәрбиелеу – мәртебесі биік, маңызы зор ұлттық міндет. Әділетті Қазақстан құру жолындағы ізгі мақсат-мұратымызға бекем біріккен, тату тірлікпен, толайым жетістікпен жете берейік! Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Форум жұмысына сәттілік тілеймін!», - деді аймақ басшысы.

Жиында Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Сейтқалиұлы, Мәжіліс депутаты Мұрат Абдуламитұлы, облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы, Нұрлан имам Байжігітұлы, Олимпиада чемпионы Ермахан Ибраимов, актер режиссер Рүстем Омаров сөз сөйледі.

Сонымен қатар, іс-шарада «Нашақорлыққа жол жоқ» бір айлық акциясының нәтижесімен белсенді қатысушылар марапатталды.

Айта кетейік, аймақта балалардың жарқын болашағына бағытталған ауқымды жобалар бар. Өткен жылы «ҚазГермұнай» компаниясының де-меушілігімен Қызылорда

қаласында заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. «Білімді колдау қоры» есебінен физика-математика мектеп-интернаты, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы» салынууда. Дарындар жолындағы ізгі мақсат-мұратымызға бекем біріккен, тату тірлікпен, толайым жетістікпен жете берейік! Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Форум жұмысына сәттілік тілеймін!», - деді аймақ басшысы.

Ел Президентінің бастамасымен іске асқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 3 мектеп пайдалануға беріліп, балалар лайықты білім алуда. Жаңақорған ауданының орталығынан «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі», «Самұрық Қазына Траст» әлеуметтік жобаларды колдау қорымен бірлесіп, «Үстел теннисі» орталығы іске қосылды.

Барлық ауданда ішінде неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият» орталықтары салынууда. Қармақшы және Шиелі аудандарындағы осындай орталықтар ашылды, жақын арада қалған аудандарда да пайдалануға берілмек.

ҚР СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРІ АРАЛ АУДАНЫНА БАРДЫ

Арал ауданында «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасы талқыланған мәжіліс өтті. Оған ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев, аталған министрліктің өкілдері, жергілікті атқарушы органдардың, су шаруашылығы саласының басшылары, мамандары мен ардагерлер қатысты.

Бахыт Жаханов аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға тоқталып, жиынға төрағалық етті.

Министр су шаруашылығында атқарылған жұмыстарды атап өтіп, алдағы міндеттерді айқындады.

«Біз су үнемдеу, трансшекаралық өзендердегі су ресурстарын әділ бөлу мәселесінде көршілес елдермен өзара түсіністікке қол жеткізіп, нақты қадам жасайды. Алдағы уақытта да осындай келіссөздерді жалғастырып, су қоймаларының деңгейін тұрақты ұстап тұруға бар күшімізді саламыз. Жоба ең алдымен өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға, балық шаруашылығы мен туризмді дамытуға және халықтың әлуақатын арттыруға бағытталған», - деді Н. Нұржігітов.

«Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасының 3 негізгі компоненті бар. Соның 2-еуі Қызылорда облысында тұрақты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметті қолдауға арналған.

Екінші компоненттің бес бағыты – балық шаруашылығы, туризм, жасыл белдеу құру, егін және мал шаруашылығы. Оған 39 жоба



енгізілген, 13-ін Халықаралық «Аралды құтқару қорының» атқарушы дирекциясы, 13-ін жергілікті әкімдіктер, 4 жобаны Балық шаруашылығы ғылыми зерттеу орталығының Арал филиалы, 3 жобаны Ы.Жахаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, 6 жобаны әртүрлі ұйымдар, жеке тұлғалар ұсынған. Жобалар іске асқан жағдайда 1927 адам тұрақты жұмыспен қамтылуы жоспарланған.

Солтүстік Арал теңізінде су жинақтаудың көлемі мен тиімділігін арттыру, су ресурстарын басқаруды жақсарту, балық шаруашылығы мен экотуризмді дамыту, өңірдің экологиялық жағдайын жақсарту бойынша маңызды бастамалар төңірегінде сөз сабақтаған сала мамандары қатарында Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, Су шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары Нұрбек Серіков, Су ресурстарын пайдалануды реттеу және

қорғау жөніндегі комитет төрағасы Сейітбек Нұрымбетов, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Серік Сермағамбетов, Халықаралық «Аралды құтқару қорының» Қазақстан Республикасындағы дирекциясының атқарушы директоры Серікәлі Мұхатаев, Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы Арал филиалының директоры Тынысбек Барақбаев, Қаз ССР Балық шаруашылығы министрі қызметін атқарған ардагер Құдайберген Саржанов және осы жоба бастамашысы, эколог жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы бар.

Жиында қуаты арттырылатын «Көкарал» бөгетінің су деңгейін 46 метрден 50-51 метр биіктікке дейін көтеру туралы ұсыныс айтылды.

Н.Нұржігітов ұсыныстар жан-жақты талқыланып, тиімділігі сала мамандарымен бірге сараланатынын жеткізді.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, ер бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.



ОБЛЫСТЫҚ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСТЫҒЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен ішкі істер органдарындағы кадрлық өзгеріске орай актив өтті. Оған Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсенов, селекторлық режимде қала, аудан әкімдері, басқарма, департамент, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары мен ардагерлер қатысты.

2023 жылдың мамыр айынан Қызылорда облыстық полиция департаментінің бастығы қызметін атқарған Аблазимов Махсұдхан Нұғманұлы Ішкі істер министрінің бұйрығымен күрметті зейнет демалысына шықты.

Жиында аймақ басшысы Қызылорда облыстық полиция департаментінің жаңа бастығы Ерғешов Серік Жүрсінбайұлын таныстырды.

«Мемлекет басшысы «Қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіпті сақтау – аса маңызды міндет. Бұл – жауапкершілігі өте үлкен жұмыс. Еліміздің әрбір азаматы өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Ол үшін құқық қорғау жүйесі үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі қажет» деп атап өткен болатын.

Полиция органдарының жұмысын күшейту, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, құқық қорғау саласында пәрменді шаралар қабылдау басшылық құрамның нәтижелі іс-қимылына тікелей байланысты.

Ішкі істер органдары – қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдардың бірі. Әсіресе, сақшылардың кәсіби қызметі – зор жауапкершілігімен, тәуекелшілігімен, қиындыққа төтеп беретін төзімділігімен ерекше құнды әрі мәртебелі.

Бізге қоғам тыныштығын күзетіп, қиын жағдайда шұғыл әрі батыл шешім қабылдап, қызметтік парызын адал атқара алатын полиция қызметкерлері керек. Құқық қорғау органдарының жұмысын жүйелі әрі онтайлы ету үшін әкімдік тұрақты қолдау көрсетіп келеді. Жауапкершілігі зор, күрделі салада Серік Жүрсінбайұлының білімі мен біліктілігі, кәсібилігі, пайымды басшылығы, жинақтаған мол тәжірибесі жетеді деп санаймыз», – деді Н.Нәлібаев.

Мәжілісте Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсенов жаңа басшының еңбек жолына тоқталып, қызметіне сәттілік тіледі. Сонымен қатар, Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық полиция департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы Серікбол Тұңғышбай, басқа да сала ардагерлері өз құттықтауларын жеткізді.

Серік Жүрсінбайұлы Ерғешов 1979 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын 1996 жылдан ішкі істер органдарында бастаған. Ұзақ жылдар бойы ОҚО ІІД Шымкент қаласының ішкі істер басқармасында түрлі басшылық қызметтер атқарған. 2019 жылдан Шымкент қаласы ІІД бастығының орынбасары қызметінде болды.

Айта кетейік, 2022-2024 жылдар аралығында полиция органдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 8 млрд. теңгеге жуық қаражат бөлінді. Биылдың өзінде 3 млрд. теңгеге жуық қаражат қарастырылған. Қылмысты уақытылы ашу және жедел әрекет ету үшін бейнебақылау камералары желісін көбейтуге мүмкіндік жасалды. Облыстың жеті ауданына 539 бейнебақылау, 49 жылдамдық өлшегіш камерасы орнатылды. Республикада алғашқы болып Қызылорда облысындағы барлық ауданда полиция бөлімдерінің Жедел басқару орталықтары іске қосылды. Бұл орталықтар ұсақ құқық бұзушылықтан бастап ауыр қылмыстардың ізін анықтауға және сақшылардың жұмысын онтайлы етуге жол ашты.

Соңғы 3 жылда департаментке жаңа үлгідегі 128 автокөлік табысталды. Биыл 52 қызметтік автокөлікпен қамтамасыз ету жоспарлануда.

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫС БАРЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала аумағындағы құрылыс нысандарын аралады. Алдымен 2023 жылы Индустрияландыру картасына енгізілген нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешенінің құрылыс барысымен танысты. Жоба бастамашысы «Қызылорда Нан» серіктестігі, 3,8 млрд теңгеге аумағы 6166 шаршы метр нысан салынууда.

Кондитерлік цехта нан-тоқаш өнімдерінің 100-ден астам түрінен, жылына 2520 тонна кондитерлік өнім дайындалады. Ал, макаронның 15-тен астам түрінен 1152 тонна өнім шығару жоспарланған. Кешен толық іске қосылғанда 67 адам жұмыспен қамтылады.

Әрі қарай Нұрлыбек Машбекұлы жолаушы вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету саласындағы «Цифрлық депо» кешенінің жұмысымен танысты. Бұл жоба да Индустрияландыру картасына енгізіліп, құрылыс толығымен аяқталған. Ресейден 54 жабдық жеткізіліп, жақын күндері пайдалануға беріледі.

Облыс орталығындағы құрылыс нысандарын аралап шыққан аймақ басшысы кешендер ұзақ уақыт қызмет етуі, халыққа пайдалы, өнімдері сұранысқа сай болуы үшін сәулетті, сапалы етіп салу керектігін ескертті.

Айта кетейік, облыста алдағы бес жылдықта 1,9 трлн теңгеге 86 жобасын жүзеге асыру жоспарланған. Өткен

жылы 37 млрд. теңгенің 21 жобасы іске қосылды. Оның ішіндегі ірі инвестициялық жобалардың бірі – «Қорқыт ата әуежайының» жаңа терминалы пайдалануға берілді. «Орда Гласс» серіктестігінің шыны зауыты айналасында энергия үнемдейтін шыны өндірісінің жаңа желісі іске қосылды. Одан бөлек, минералды ұнтақ өндірісі, асфальтбетон зауыты, газоблок, шлакоблок, металл өңдеу, 4 мың тонналық көкөніс сақтау қоймасы, құрт өндірісі, балық өңдеу, 5 құрш ақтау зауыты, жүгері өндірісі, тамшылатып суару әдісімен орман питомнигін ұйымдастыру жобалары бар.

Биылға 286,8 млрд. теңгеге бағаланған 24 жоба жоспарланған. Түркиялық «Акса Энерджи» компаниясының қуаттылығы 240 мегаватттық жаңа жылу орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Орталық екінші жартыжылдықта іске қосылады.

Сондай-ақ, жыл соңына дейін жылдық қуаттылығы 720 мың шаршы метр болатын айна өндірісі, түйе сүтінен құрақ



ұнтақ жасайтын, жылына 90 млн. дана керамикалық кірпіш шығаратын өндірістер, жолаушылар вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету

кешені ел игілігіне айналады. Қуаттылығы 141,2 МВт болатын 4 күн және 1 жел-электр станциясы да биыл пайдалануға беріледі.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР

Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Жеңіс Файзуллаев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне өткен жылы салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз- конференциясын өткізді.



- Өткен жылы тұрғын үй құрылысына 10 млрд. 122,1 млн. теңге, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға 7 млрд. 939,6 млн. теңге, ауыз су жүйесін дамытуға 1 млрд. 594,8 млн. теңге, газ желісін жүргізуге 621,5 млн. теңге, электр жүйесі құрылысын бастауға 394,8 млн. теңге, кезекте тұрған тұрғындарға пәтер сатып алуға 15 млрд. 659,9 млн. теңге, жылу жүйесін дамыту мақсатында 300 млн. теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылды, - деді Жеңісбек Исламұлы.

«Тұрғын үй құрылысы» бағдарламасы аясында Сырдария өзенінің сол жағалауында 504 пәтерді құрайтын 7 қабатты 6 тұрғын үй пайдалануға берілді. Бүгінде 400 пәтерді құрайтын көпқабатты 10 тұрғын үйдің құрылысы жүруде. 7 қабатты 84 пәтерлі 10 тұрғын үйдің және көпқабатты 50 пәтерлі 10 тұрғын үйдің жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Жақын күндері құрылыс жұмыстары бастау алады.

Бұдан бөлек, «Инженерлік инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы аясында Мәуелі, Сарысу, Майлықұм көшелерінде ауыз су желісі жүргізіліп, Жас Алаш, Теректі, Сарысу көшелері мен Белкөл кентіндегі Жерұйық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне электр желісі тартылды. Қызылжарма ауылдық округінің

1,2,3 ауданында (35 көшеге) 38,25 км тас төселді. Қазір "Бәйтерек" ықшам ауданындағы тұрғын үйлерді газбен және сумен жабдықтау жобасы жүзеге асырылуда. «Жылу жүйесін дамыту» бағдарламасы бойынша Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауы бөлігін жылумен жабдықтау жобасының құрылысы жүргізілуде.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде Ақсуат, Қосшыңырау ауылдық округіне қатысты Досан елді мекені, Қызылжарма, Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек ауылы, Қараөзек бекеті, Айнакөл ауылдарына электр желісі тартылуда.

Қызылорда қаласында орамшәкілік газ құбырлары желісін салу (ақ дақтар) жобасы аясында «Гагарин», «Титов», «СПМК-70», «Арай», «КБИ», «Сәулет», «Саяхан», «Бәйтерек», «Орталық», және «Шұғыла» шағын аудандарындағы газ құбырлары жүргізілмеген көшелерге газ тарту жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, Сабалақ саяжайын газдандыру жобасы аясында 4 дана газды басқару блогы қойылып, 12 шақырым газ желісі тартылды. Қалаға Алаш, Теректі, Сарысу көшелері мен Белкөл кентіндегі Жерұйық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне электр желісі тартылды. Қызылжарма ауылдық округінің



2025 ЖЫЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯНЫ КІМДЕР ТАПСЫРАДЫ?

Елімізде 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялаудың төртінші кезеңі басталды. Бастапқы жоспар бойынша бұл кезеңде барлық ересек азаматтар, оның ішінде студенттер мен зейнеткерлер де декларация тапсыруы тиіс болатын. Алайда, Мемлекет басшысының жалпыға бірдей декларациялау тәсілдерін қайта қарау туралы тапсырмасына сәйкес, елден тыс жерлерде активтері бар адамдарды қоспағанда, азаматтардың осы санаты активтері мен міндеттемелері туралы декларацияларды ұсындудан босатылды. Бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Асқар Елеманов жалпыға бірдей декларацияға енгізілген өзгерістер туралы айтты.

– Өзгерісізге белгілі, Салық кодексінің 71 тарауында жалпыға бірдей декларациялауды 4 кезеңге бөліп табыс ету міндеттілігі көзделген.

Жеке тұлғалардың жалпыға бірдей декларациялау мәселесі бойынша заңнамаға енгізілетін өзгерістерге сәйкес, активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250.00-нысан) шетелде мүлкі бар ҚР азаматтары, ҚР резиденттері мен жеке практикамен айналысатын тұлғалар тапсырады. Сонымен қатар, сайланбалы лауазымға, мемлекеттік лауазымға орналасуға және олармен теңестірілген кандидаттар, оған қоса банктердің, бағалы қағаздар нарығының, сақтандыру ұйымдарының ірі қатысушылары болғысы келетін жеке тұлғалар да декларация ұсынады. Айта кету керек, жеке тұлғалардың жекелеген санаттары үшін міндетті декларациялау мен ерікті декларациялау құқығы сақталатын болады, - деді Асқар Сейдекәрімұлы.

БЕРДІХАН ИСМАТУЛЛАЕВ АТЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР БАСТАЛДЫ

Евразия спорт кешенінде Исматуллаев Бердіхан Лесханұлын еске алуға арналған шағын футболдан облыстық турнир басталды.

Турнир дәстүрлі түрде биыл жетінші мәрте өткізілуде. Ондағы мақсат - халыққа қалтқысыз қызмет еткен арда азаматтың есімін ұлықтау.

Турнирге жасы 45-тен асқан 100-ге жуық

спортшыдан құралған 8 команда қатысауда.

Доп додасының ашылу салтанатында облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов Бердіхан Лесханұлының азаматтық болмысын тілге тиек етіп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Жеңімпаз командалар мен жүлдегерлер

және үздік ойын көрсеткен номинация иегерлеріне ұйымдастырушылар тарапынан дипломдар мен медальдар, кубоктар, статуеткалар және қаржылай сыйақылар табысталады.

«Ел тілегі» ақпарат

БЮДЖЕТТІҢ ОРЫНДАЛУЫ ЖӘНЕ МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАР ТУРАЛЫ



Қала әкімдігінің баспасөз орталығында Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Фердоуси Қожаберенов 2024 жылдың негізгі қорытындылары мен мобильді аударымдар туралы баяндады.

2024 жылдың қорытындысымен мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдері 115

млрд. 975 млн. теңгені құрады. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 20 млрд. 419 млн. теңгеге артық орындалған.

2025 жылдан бастап екінші деңгейлі банктер – дара кәсіпкерлер, заңды тұлғалардың басшылары және олардың жұбайлары бойынша 2024 жылдың қорытындысымен ақпарат ұсынады. Аталған шара

жасырын кірістер мен тіркелмеген кәсіпкерлерді анықтауға бағытталған.

Мобильді аударымдарды тексеру заңсыз кәсіпкерлікті анықтауға бағытталған. Кейбір кәсіпкерлер сатылған тауарлар мен қызметтер үшін төлемдерді мобильді аударымдар арқылы алады. Алайда, бұл аударымдар бақылау қасалық машиналарын,

Post-терминалдарды, QR-кодтарды қолданбай жүргізеді, фискалды чектер ұрылмайды. Соған сәйкес, тұтынушылардың құқықтары бұзылады. Айта кету керек, мобильді аударымдарды тексеру әртүрлі тұлғалардан үш ай қатарынан ай сайын жеке банктік шотқа 100-ден аса аударым жүргізілген жағдайда жүргізіледі, - деді басқарма басшысы.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ҚЫЛМЫСТАР АШЫЛУДА

Қызылорда облысының прокуратурасы қылмыстық құқық бұзушылық профилактикасына ерекше назар аударады. Мәселен, өңірдегі профилактикалық шараларды күшейту мақсатында жүйрда ғана 539 дана бейнебақылау камерасы мен 49 дана жылдамдық өлшегіш құрылғы алынып, аудандарда тұрғындар көп шоғырланатын жерлерге орнатылған. Бүгінде камералардың көмегімен 295 әкімшілік, 1 қылмыстық іс ашылған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров айтты.

– Жергілікті құқық қорғау және атқарушы органдардың жұмысын тиісті дәрежеде үйлестірудің нәтижесінде аймақта қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Біздің бастамамызбен өңірде "Смарт білезік", "IT тергеу" және "Қылмыссыз ауыл – кемел келешек кепілі" атты 3 жоба жүзеге асырылуда. Бүгінде бұл жобалар оң нәтижесі беруде. Нақтыласақ, "Смарт білезік" жобасы аясында "үй камак" бұлтартпау шарасы қолданылған 137 күдіктіге смарт білезік тағылып, тергеп-тексеру жүргізілді. Одан бөлек, "IT тергеу" жобасы аясында

интернет алаяқтық қылмыстарды дер кезінде ашу мен сапалы тергеп-тексеруді жүзеге асыру үшін "Киберпол" тобы құрылып, құрамына тәжірибелі прокурорлар мен полиция қызметкерлері енгізілді. Қазіргі күні жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданып, 749 қылмыстық іс бойынша 1 074 ұялы телефон нөмірі тексерілді. Нәтижесінде 151 қылмыс ашылып, 62 қылмыскер құрықталды. "Қылмыссыз ауыл – кемел келешек кепілі" пилоттық жобасы бойынша қала, аудандарда алкоголь өнімін сататын 104 кәсіпкермен алкоголь сату



шектеу туралы меморандум жасалды.

Прокуратураның сүйемелдеуімен 116 тұлға алкогольден және нашакорлықтан емдеуге жіберіліп, оның 89-ы мәжбүрлеп емдеуге жатқызылды. Біздің тарапымыздан ардагерлер және әйелдер кеңесімен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Отбасында жүйелі түрде жанжал шығаратын құқық бұзушылардың тізімі жасакталып,

ардагерлерді қатыстыра отырып, олардың әрқайсысымен жеке-жеке профилактикалық жұмыстар жасалып, құқықтық, психологиялық, әлеуметтік және медициналық көмектер көрсетілуде. Бүгінде бұл жұмыстардан оң серпін байқалып, отбасында жанжал шығаратын тұлғаларды қайта құқық бұзушылық жасау дерегі біршама төмендеген, - делі Ризабек Кәрімұлы.



ТАНЫМАЛ БОКСШЫ ЕРМАХАН ЫБРАЙЫМОВ СЫРБОЙЫЛЫҚ СПОРТШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Елге белгілі боксшы, халықаралық спорт шебері, Сидней Олимпиадасының жеңімпазы Ермахан Ыбрайымов пен Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев бүгін сырбойылық жас спортшылармен арнайы кездесті.

Ең алдымен Ермахан Сағиұлы Қызылорда қаласындағы №5 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне барып, ондағы жас спортшылардың дайындығына куә болды. Сондай-ақ, Сыр саңлақтарының алдағы жарыстарына сәттілік тілеп, өзінің ақ батасын берді. Бұдан бөлек, кездесу барысында Ермахан Сағиұлы 2023 жылы пайдалануға берілген аталмыш спорт мектебін толық аралап, мекеме қызметкерлерімен танысты. Одан кейін Ермахан Сағиұлы мен Бахтияр Ғарифоллаұлы

қаладағы «Жалаңтөс Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде» өтіп жатқан бокстан облыс біріншілігінің финалдық кездесуін тамашалады.

Әр түрлі салмақ дәрежесінде шаршы алаңда қолғап түйістіріп, жеңімпаз атанған жас боксшыларды Ермахан Сағиұлы мен Бахтияр Ғарифоллаұлы арнайы дипломдармен марапаттап, медаль тақты.

Финалдық кездесу соңында боксшылар естелік суретке түсіп, құрметті қоңақтардан қолтаңба алды.

ЗАҢСЫЗ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ЖАРНАМАЛАР ТОЛЫҚ АЛЫНУДА



Қала аумағында заңсыз орналастырылған және шаһардың сәулеттік келбетіне кері әсерін тигізетін сыртқы көрнекі жарнамаларға бақылау жұмыстары жүргізілуде.

Мониторинг барысында қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің мамандары бірқатар заңсыз ілінген жарнамалық баннерлерді анықтап, кәсіп иелеріне тиісті ескерту беруде. Сонымен қатар, қаланың көркін бұзып тұрған жыртылған, ескірген және заңсыз ілінген

ақпараттық тақтайшалар да алынып тасталынды.

Айта кету керек, «Жарнама туралы» ҚР 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Заңының талаптарында сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру үшін жергілікті атқарушы органдардан белгілі бір мерзімге рұқсат алуы көзделген.

Қала әкімдігі тарапынан бұл бағыттағы жұмыстар күнделікті жүргізіледі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – АУРУ, ОҒАН ҚАРСЫ КҮРЕС – МЕНІҢ БОРЫШЫМ

XXI ғасырдың ең үлкен дерті – сыбайлас жемқорлық. Ойланып қарайықшы, жемқорлық деген не? Бұл біреуге пара ұсыну арқылы өзінің шешілмей тұрған мәселерін тез арада шешіп алуды негіздейді. Барлық адам бұл дүниенің дұрыс емес екеніне көздері жетсе де, өзінің мәселесінің жылдам шешілуі үшін және де барлық мәселенің өз орнымен, бастысы пайдасына сай шешілуі үшін жоғарғы жақтан бастап, қарапайым халыққа дейін пара алысып, пара беріседі. Бұл әрине, дұрыс емес.

Сыбайлас жемқорлық қазіргі таңда ауру болып табылып жатыр. Осы ауруды асқындырып жатқан өзіміз екенін ұмытпауымыз керек. Біз өткеннің жіберген қателігі арқылы бұл сыбайлас жемқорлық ауруымен жолықсақ, келешек ұрпақ біздің жіберген қателігіміз үшін жемқорлықпен күреспейуі тиіс. Бұл дерттің дауасы дауасы табылып, егемен де парасыз ел болуымыз шарт.

Жемқорлыққа қатысты түрлі іс – шаралар мектептерде, арнайы мекемелерде өтіп тұрады. Бұл дұрыс. Бұл жұмыстар жастарды жемқорлықтан сақтандыруға шақырады. Бірақ бұл жеткіліксіз. Өйткені, егер елімізде жемқорлық орын алмағанда, біз бұрындары – ақ дамыған елдер қатарына кірер едік. Халық арасында жұмыссыздық, үйі мен күйі жоқ адамдар азайған болар еді. Тіпті, халықтың саны да өсер еді. Егер пара беру арқылы шешілетін біршама мәселер тізгінделсе, халық арасында өте жақсы мамандар пайда болар еді. Міне, ойланып қарасақ, жемқорлықтың берер зияны өте көп екен. Бірақ біз өзөмізді естейтін құлақ пен жанарымызға әділдікпен үңілетін заң керек. Бізде заң жұмыс жасамайды дегенді білдірмейді. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228 – бап), коммерциялық сатып алу (231 – бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең бірінші, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес болып табылады. Заң бойынша солай бекітілген. Бірақ ол заң жүзінде көрініс тауып жатыр ма деген бір

күдік тулатыны рас. Меніңше, елімізде жемқорлыққа қарсы құрылым құрылуы тиіс деп білемін. Өйткені, жемқорлықтың тамыры елімізде тамырлап бара жатқаны жасырын емес. Ең бірінші болып, осыны тоқтатуымыз керек. Әрине, заңда жазылған деп айтамыз. Заңды жүзеге асыратын да өзіміз, осы халық екенін ұмытпауымыз керек. Заң емлекет пен мемлекеттегі адамдар үшін шығарылады. Осы ешқашан есімізден шықпағаны дұрыс.

Жемқорлық – біршама уақыттан бері белең алып келе жатырған тақырып. Өркениетті дамытқысы келетін, ортасын құрметтейтін ер азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндетті. Әрі ол әр адамның парызы. Ауқымы жылдан жылға өркендеп келе жатқан мемлекетті бағындыру және дамыту оңай іс емес. Бірақ біздің мемлекетімізді жемқорлықтың шыңырауынан шығару – менің, сенің, біздің ортақ ісіміз. Өйткені, біздер ертеңгі егемен елдің бүгінгі күші екенімізді ұмытпауымыз керек. Бір адамның әрекетімен қоғым өзгеріп, жемқорлық жойылмайды. Ал біріміз, көз, біріміз қол, біріміз жаға болып жамылсақ, бұл тығырықтан да шығарымыз анық. Тек әрекет пен еңбек қажет деп ойлаймын.

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі. Арнайы пән оқытушысы 3. Жанибекова

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА: ЕСІРТКІДЕН БАС ТАРТ!

Құрметті жастар, достар!

Бүгін біз барлығымыз үшін аса маңызды әрі қауіпті мәселеге назар аударғалы отырмыз ол - есірткі. Есірткі - бұл тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның, отбасының, ұлттың болашағына қауіп төндіретін қатер. Есірткіге тәуелділік - бұл өмірді, денсаулықты, көңіл-күйді, отбасы мен қоғамды бұзатын жойқын күш. Әрқайсымыз есірткіге қарсы күреске өз үлесімізді қосымыз керек. Бұл күрес тек құқық қорғау органдарының ғана емес, біздің ортақ міндетіміз. Біз бірлесіп отырып, есірткіге қарсы тұруымыз қажет.

Болашақ - жастардың қолында! Біз - қоғамның ана буынымыз. Бізге елдің ертеңі мен ұлттың болашағы тәуелді. Сол себепті біз дұрыс таңдау жасап, еліміздің ертеніне жауапкершілікпен қарауымыз керек. Біздің әрбір шешіміміз бен таңдауымыз өте маңызды. Қазіргі таңда жастардың болашағына кері әсер беретін бұл мәселе бүкіл қоғамның дерті.

Есірткі - адамның өмірін, арманын ұрлайтын ең үлкен қауіп. Ол тәңнің ғана емес жанның да ауырталығы. Қазіргі таңда көптеген жастарымыз осы қауіптің құрбаны болып, өз болашағын жоғартып, жақындарын қасіретке ұшыратып отыр. Бір сәттік ләззат үшін денсаулығын, білімін, арманын жоғалтуда. Оған деген тәуелділік қайғы мен азап әкеліп, бір ғана адамның емес отбасы мен қоғамның үлкен дертін туғызуда.

Өмірде әрбір адам өз таңдауын жасайды. Біз салауатты өмір салтын таңдап, өз арманымызға жету үшін бар күш - жігерімізді салуға тиіспіз. Арман - мақсаттарымызды құрып, сол жолда тынбай еңбек ету бізге де, болашаққа да пайдасы бар әрекет.

Есірткіге қарсымыз! Біздің болашағымыз - өз қолымызда! Әр жас буын есірткіге қарсы күресіп, қоғамымызды, отбасымызды және өзімізді қорғауымыз керек. Сондықтан есірткіге «жок» деп, өзіміздің мақсаттарымызға жету үшін әрекет етіп, еліміздің жарқын болашағына үлес қосайық! Есірткісіз өмірді таңдайық! Денсаулықты сақтайық, болашағымызды жарқын етейік! Өз таңдауыңды жасап, есірткіден бас тарт, болашақтың иелері.

**#есірткіге қарсы#
Жасмин КӘРІБОЗҚЫЗЫ,
Қызылорда облысы
Қармақшы ауданы
№185 орта мектебі
10 сынып оқушысы**

ШИЕЛІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ІСКЕР ӘЙЕЛДЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков «Руханият орталығында» іскер еңбек аналармен, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан әйелдермен кездесті.

Әйелдер қауымымен кездесу- Әйелдер кеңесінің төрайымдары, еңбек аналарына әрі жұмысына серпіліс беретін маңызды шара болды.

Шараға аудан бойынша Әйелдер кеңесінің төрайымы, әр елді мекеннен белсенді әйелдер кеңесінің төрайымдары, мектеп директорлары қатысты.

Кездесу барысында аудан әкімі ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағытындағы көрсеткіштерімен таныстыра отырып, жетістіктерімен, алдағы жоспарлармен бөлісті. Сондай-ақ, осы жетістіктерге қол жеткізуге нәзікжандылардың да өз үлесі бар екенін айтты.

Өздерінің білесіздер Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады.

Бұл өз кезегінде еңбекке қабілетті халықтың жұмысбастылық деңгейін және олардың өмір сүру сапасын арттыруға өз септігін тигізеді. Сіздер тәуелсіз еліміздің дамуына зор үлес қосып, әрқашан ізеттің, парасат пен пайымын, мейірімділік пен ізгіліктің ұйытқысы болып келесіздер. Бүгінгі күні билік пен мемлекеттік қызметте, республикалық деңгейдегі басқарушы органдарда әйелдер үлесінің артуы – Сіздердің қарымды қабілеттеріңіз бен іскерліктеріңіздің дәлелі. – делі аудан әкімі.

Сонымен қатар, аудан әкімімен бірге әйелдер қауымы «Руханият орталығының» жұмысымен танысып, халық игілігі үшін пайдалануға берілген нысаннан жұмысына оң бағаларын берді.

